

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның
Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі есебі**

**Алматы,
2013 ж.**

Кіріспе

Қазақстандағы кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған мемлекеттік шаралардың интеграторы және негізгі операторы бола тұра, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі «Даму» қоры)/«Қор» деп аталады) қоғамның тұрақты дамуының әлеуметтік факторларына ерекше мән береді және әлеуметтік жауапкершілікті қызметінің негізгі принциптерінің бірі деп таниды.

Жалғыз акционерінің құқықтары мен мүдделері сақталуының шартсыз міндетімен бірге «Даму» қоры өз қызметі әсерін тигізетін алуан түрлі мүдделі тараптар тобының (инвесторлар, серіктестер, қарыз алушылар, қызметкерлер, жеткізушілер, бизнес-қауымдастықтар, мемлекеттік басқару органдары және жалпақ жұрт) алдында әлеуметтік тұрғыдан жауаптылықпен қызмет ету міндеттемелерін ерікті түрде өзіне жүктейді.

Мүдделі тараптармен өзара әрекет еткен кезде «Даму» қоры корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің келесі негізгі принциптерін басшылыққа алады:

1. Ашықтық принципі. «Даму» қоры компания, оның кәсіпкерлікті қолдауға арналған бағдарламалары, өз қызметінің жетістіктері және нәтижелері жөніндегі ақпараттың барынша ашық және сенімді болуын қамтамасыз етуге ұмтылады. Сонымен қатар «Даму» қоры коммерциялық құпияны және заңның негізінде қорғалатын басқа да құпияны құрайтын мәліметтердің жария етілмеуін қадағалайды.

2. Серіктестік принципі. «Даму» қорының басшылары мен қызметкерлері өздері өзара қызметтесетін мүдделі тараптардың мүдделерін, үміттерін және күмәндарын зерттейді әрі бағалайды, сондай-ақ жаңа серіктестік қатынастар орнатуға және бұрыннан бар қатынастарды нығайтуға ұмтылады.

3. Бейімделушілік принципі. «Даму» қоры мүдделі тараптардың ниеттері мен сұратуларына, сондай-ақ нарықтағы жағдайдың өзгеруіне жедел әрекет етеді және өз қызметіне қажетті түзетулер енгізеді әрі кәсіпкерлікті қолдау құралдарын қолданады.

4. Кешенді тәсілдеме принципі. «Даму» қоры кәсіпкерлікке және мүдделі тараптарға барынша пайдасын тигізетін жобаларға бағдарланады, яғни олардың қызметінің экономика мен қоғамның дамуына қандай әсер тигізетінін ескереді.

5. Қызметкерлердің алдындағы жауапкершілік принципі. «Даму» қоры еңбек ақысының деңгейі бәсекеге қабілетті болатын жұмыс орындарын және әлеуметтік кепілдіктерді беруге, сондай-ақ еңбек етудің қауіпсіз және жайлы жағдайларын қамтамасыз етуге ұмтылады. Өз қызметінде «Даму» қоры әлеуметтік-еңбек қатынастары саласындағы нормалардың шартсыз сақталуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ қызметкерлердің кәсіби тұрғыдан жан-жақты дамуына және оқуына жәрдемдеседі.

Осы есепте «Даму» қорының корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласында жүргізетін жұмысы туралы ақпарат келтірілген. Есепте Қор туралы жалпы ақпарат, «Даму» қорының кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі бағдарламаларды іске асыру нәтижелері, әлеуметтік бағдарламалардың көрсеткіштері, адам ресурстарын басқару саласындағы жұмысы және мүдделі тараптармен өзара әрекет етуі жөніндегі ақпарат беріледі.

1-бөлім. Жалпы ақпарат

1.1. Қызметтің жалпы сипаттамасы

«Даму» қоры ҚР Үкіметінің «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын құру туралы» 26.04.1997 жылғы №665 қаулысына сай құрылды¹.

2001 жылға дейін Қор Отандық тауар өндірушілерді қолдауға бағытталған шаралар бағдарламасының аясында мемлекеттік бюджет қаражатының пайдаланылуы бойынша, сондай-ақ Еуропалық қайта құру және даму банкі мен Азиялық даму банкінің несиелері бойынша есепке алу және бақылау агентінің функцияларын атқарды.

2002 жылдан бастап Қор шағын бизнесті меншікті қаражатынан тікелей несиелеуді бастады. «Даму» қоры «Республикалық бюджеттің қаражатынан шағын кәсіпкерлік субъектісін несиелеу бағдарламасын және «2004-2006 жылдары шағын қалаларды дамыту бағдарламасын» іске асырды.

2005 жылдың мамыр айында ҚР Үкіметі «ҚР-дағы шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған жылдамдатылған шаралардың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын» қабылдады. Бұл бағдарламаға сәйкес 2005-2007 жылдар ішінде Қор жобалық қаржыландыру және лизинг бағдарламаларын, Қазақстанда шағын несиелеу жүйесін дамыту бағдарламасын, шағын кәсіпкерлік субъектісіне берілетін, екінші деңгейдегі банктерде алынатын несиелерді кепілдендіру бағдарламасын іске асыру арқылы шағын кәсіпкерлікті қолдауды жүзеге асырды.

2006 жылдың қыркүйек айынан бастап «Даму» қоры «Қазына» тұрақты даму қоры» АҚ акционерлік холдингінің құрамында, 2008 жылдың қазан айынан бастап «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ» деп аталады) ұлттық басқарушы холдингінің құрамында жұмыс істеді, 2013 жылдың 28 тамызынан бастап «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ның (бұдан әрі «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ» деп аталады) құрамында.

2007 жылдың соңынан бастап Қор ҚР Үкіметінің Тұрақтандыру бағдарламасының қаражатын шарттасылған түрде орналастыру операторының функцияларын атқарып келеді.

2010 жылдан бастап Қор «Бизнес жол картасы 2020» бағдарламасының қаржылық агенті және операторы болып табылады.

«Даму» қорының филиалдары Қазақстанның барлық аймақтарында жұмыс істейді, олардың жергілікті кәсіпкерлермен, қоғамдық ұйымдармен және жергілікті атқарушы билік органдарымен жұмыс істеудегі тәжірибелері мол.

Қазақстан Республикасындағы бизнестің сапалы түрде дамуына жәрдемдесу «Даму» қоры қызметінің негізгі мақсаты болып табылады. Қор кәсіпкерлікті қолдау, соның ішінде шағын кәсіпкерлік субъектілерінің, сондай-ақ шағын көлемде қажыландыруды жүзеге асыратын ұйымдардың қаржы ресурстарына қолжетімділік алуын қамтамасыз ету шараларының негізгі операторы мен интеграторының ролін атқарады.

«Даму» қорының қызметі төменде аталғандардан тұрады:

1) шағын кәсіпкерлікті қолдау саласындағы бағдарламаларды (соның ішінде мемлекеттік бағдарламаларды) әзірлеуге, іске асыруға және қаржыландыруға қатысу;

2) шағын көлемде қаржыландыруды жүзеге асыратын ұйымдарға ресурстық қолдау көрсету;

¹ Қордың бұрынғы атауы: «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ.

- 3) шағын көлемде қаржыландыруға (шағын көлемде несиелеуге) институционалдық және жеке инвесторларды тартуға жәрдемдесу;
- 4) бірлесіп күш салу арқылы жеке кәсіпкерлікті қолдауда және дамытуда мемлекеттік және басқа да құрылымдармен өзара әрекеттесу;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке кәсіпкерлікті қолдау және дамыту саласындағы мақсаттық шетелдік несиелерге қызмет көрсету агенті ретінде қызмет ету;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның бағалы қағаздарын шығару және іске асыру;
- 7) бизнес-орталықтардың және жеке кәсіпкерлік инкубаторларының, жеке кәсіпкерлік саласындағы кеңес беру, оқу-әдістемелік, лизингтік және басқа да нарықтық инфрақұрылымдардың дамуына жәрдемдесу;
- 8) кәсіпкерлікті үгіттеу және халықты бизнеске тарту;
- 9) қажетті әдістемелік құжаттаманы, арнайы бюллетеньдерді шығару, жарнама-баспа қызметі;
- 10) арнайы брошюраларды, соның ішінде тегін таратуға арналған брошюраларды, сондай-ақ теледидарда және радиода жеке кәсіпкерлік мәселелері жөнінде берілетін хабарлар циклдарын шығаруды қаржыландыру;
- 11) кәсіпкерлікті қолдаудың бірыңғай ақпараттық базасын дамыту;
- 12) жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдаудың жаңа әдістері мен түрлерін іздестіру және қалыптастыру;
- 13) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен «Бизнес жол картасы 2020» бағдарламасының, Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның және басқа да мемлекеттік бағдарламалардың аясында қаржы агенті ретінде қызмет ету;
- 14) екінші деңгейдегі банктер және басқа да заңды тұлғалар жеке кәсіпкерлік субъектілеріне беретін несиелер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау;
- 15) жеке кәсіпкерлік субъектілері екінші деңгейдегі банктерде және басқа да заңды тұлғаларда несиелер алған кезде оларға кепілдіктер беру;
- 16) жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау бағдарламаларының іске асырылуына мониторинг жүргізу;
- 17) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған, жарғылық міндеттерге қол жеткізуге бағытталған кез келген басқа қызмет.

1.2. Құрылым

«Даму» қорының ұйымдық құрылымы стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді нәтижелі түрде атқаруға мүмкіндік береді. 2013 жылы келесі жаңа үш департамент құрылды: Мәселелі активтермен жұмыс істеу департаменті, Қоғаммен байланыс департаменті, Ақпараттық-аналитикалық департамент.

Атап өтетін жайт, бұл құрылымдық бөлімшелер қызметкерлердің штаттық саны ұлғайтылған жағдайда құрылды, бұл бөлімшелер қызметкерлерінің мамандануын тереңдетуге, негізгі бизнес-үрдістерді оңтайландыруға, «Даму» қоры қызметінің профильдік бағыттарын күшейтуге мүмкіндік берді.

«Даму» қорының ұйымдық құрылымы 2013 жылғы 27 қыркүйекте Директорлар кеңесі шешімінің негізінде бекітілді. «Даму» қоры қызметкерлерінің саны 323 штаттық бірлікті құрайды (1-қосымша).

1.3. Миссиясы, қызметінің масштабы және Қазақстан Республикасындағы ролі

Қазақстанның шағын-орта бизнесінің сапалы түрде дамуына жәрдемдесу Қордың миссиясы болып табылады.

2022 жылға дейінгі мақсат – Қазақстандағы кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауға бағытталған барлық шаралардың негізгі операторы және интеграторы болу.


Миссиясын жүзеге асыру үшін «Даму» қоры төрт негізгі стратегиялық бағыт бойынша қызмет етеді:

1. Даму әлеуеті бар шағын-орта бизнестің барлық субъектілері үшін қаржыландырудың қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы кәсіпкерліктің белсенді түрде қызмет ететін субъектілерінің санын және жұмыс орындарының санын көбейтуге жәрдемдесу;
2. Экономиканың шикізаттық емес секторларындағы кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу;
3. Шағын-орта бизнес субъектілерінің кәсіби деңгейін арттыру және халықты кәсіпкерлікке тарту;
4. «Даму» қоры қызметінің нәтижелілігін арттыру.

Қордың нарықтық үлесі

2013 жылы банктік несиелеудің жалпы көлемдері 15%-ға өсіп, 8,3 трлн. теңгеден асты. Алайда кәсіпкерлік мақсаттарға берілген несиелердің өсімі тек 6%-ды ғана құрады. Ал шағын кәсіпкерлікке берілген несиелер бір жыл ішінде 15%-ға азайды.

Экономиканы және шағын кәсіпкерлікті несиелеудің жыл сайынғы көлемдері




Ескертпе: ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша жасалды (www.nationalbank.kz).

Халықтың Ұлттық валютадағы салымдары өсімінің қарқындарының төмендеуі мұның негізгі себебі болуы мүмкін: бір жылда халықтың теңгедегі салымдарының үлесі 61%-дан 56%-ға дейін төмендеді (сәйкесінше, шетел валютасындағы салымдардың үлесі 39%-дан 44%-ға дейін ұлғайды). Сонымен қатар шағын кәсіпкерлік субъектілерінің 92%-ы теңгеде қаржыландырылады, ал экономикаға берілген несиелердің жалпы құрылымындағы теңгелік несиелердің жалпы үлесі 86%-ды құрайды. 2012 жылы кері көрініс байқалды, ол кезде халықтың теңгедегі салымдары өскен кезде банктердің шағын кәсіпкерлікті несиелеуінің көлемі өсті.

2013 жылы «Даму» қоры екінші деңгейдегі банктерде қаражатты

шарттасылған түрде орналастыру, кәсіпкерлердің несиелері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау және несиелерді кепілдендіру бағдарламаларын іске асыруды жалғастырды. Жалпы «Даму» қорының бағдарламаларына қатысудың арқасында бір жылда жеке кәсіпкерлік субъектілері 296 млрд. теңге соманы құрайтын несиелерді алды. Екінші деңгейдегі банктер кәсіпкерлік мақсаттарға берген несиелердің жалпы сомасында «Даму» қорының бағдарламаларына қатысушыларға берілген несиелердің үлесі 5% деңгейінде сақталды. Бұған сауда мен құрылыс кірмейтін, екінші деңгейдегі банктер несиелерінің елудей пайызын алатын экономиканың басым секторлары кәсіпкерлерінің «Даму» қоры бағдарламаларының сегментіне қойған шектеулері себеп болды.


Кәсіпкерлік мақсаттарға берілген несиелердің динамикасы



Ескертпе: ҚР Ұлттық Банкінің (www.nationalbank.kz) және «Даму» қорының (www.damu.kz) деректері бойынша жасалды.

Егер өңдеу өнеркәсібінегі жобаларға берілген несиелерді жеке қарастыратын болсақ, олардың құрылымындағы «Даму» қорының бағдарламаларына қатысушылар 2013 жылы 12%-ды құрады. Сөйтіп өңдеу өнеркәсібіндегі жобаларға берілген несиелердің 8 теңгесінің 1 теңгесі «Даму» қорының бағдарламаларына қатысушыларға беріледі.

Өңдеу өнеркәсібіндегі жобаларға берілген несиелердің динамикасы



Ескертпе: ҚР Ұлттық Банкінің (www.nationalbank.kz) және «Даму» қорының (www.damu.kz) деректері бойынша жасалды.

2013 жылы қаржылық қолдау бағдарламаларымен қатар «Даму» қоры кәсіпкерлерді оқыту және оларға кеңес беру түрінде қолдау бағдарламаларын іске асыруға бағытталған ауқымды жұмысты жалғастырды. Жылдың соңында «Бизнес жол картасы 2020» бағдарламасының аясында 2011 жылдан бастап іске асырылып келе жатқан «Бизнес-кеңесші» атты қысқа мерзімді тренинг-оқыту бағдарламасының аясындағы тыңдаушылардың саны 52 065 адамды құрады. «Бизнес жол картасы 2020» бағдарламасының «Кәсіпкерлік әлеуетті күшейту» атты 4-ші бағыттағы басқа да жобалардың аясында 840 кәсіпкер «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымында топ-менеджментті оқытатын курстан өтті, 1 667 адам «Іскерлік байланыстар» жобасы бойынша оқудан өтті, бизнес жүргізуге сервистік қолдау көрсетудің аясында 132 мыңнан астам қызмет көрсетілді. Облыстық орталықтарда және Алматы, Астана, Семей сияқты үш қалада бар-жоғы 17 Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы ашылды, оларда 13 мыңнан астам клиентке қызмет көрсетілді. Елдің 27 моно қаласында Кәсіпкерлерді қолдау орталықтары жұмыс істейді. Оларда 14 мыңнан астам клиентке қызмет көрсетілді. 14 облыста аудандар деңгейінде Мобильді кәсіпкерлікті қолдау орталықтары жұмыс істейді. Бұл орталықтарда 7 мыңнан астам клиент кеңес алды.

1.4. Қызметке қоғамдық баға беру

Қор өзінің қызметінің ашықтығына көп көңіл бөледі.

2013 жылы бұқаралық ақпарат құралдары «Даму» қоры туралы 6 781 материал шығарды. Олардың ішінде аймақтық БАҚ басым – олар барлық жарияланымдардың 54%-ын шығарды.

2-бөлім. Тұрақты дамуды қамтамасыз ету және әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі стратегиялық міндеттер

2.1. Әлеуметтік миссия, жауапкершілік және серіктестік

Қазақстанның кәсіпкерлігін қолдауға бағытталған мемлекеттік шаралардың негізгі операторы және интеграторы бола тұра «Даму» қоры қоғамның тұрақты дамуының әлеуметтік факторларына аса маңызды көңіл бөледі және әлеуметтік жауапкершілікті қызметінің негізгі принциптерінің бірі деп түсінеді.

Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін сақтауға бағытталған басым шартсыз принциппен қатар «Даму» қоры өзінің қызметі ықпал ететін алуан түрлі мүдделі тараптардың – инвесторлардың, серіктестердің, қарыз алушылардың, қызметкерлердің, жеткізушілердің, бизнес-қауымдастықтардың, мемлекеттік басқару органдарының және жалпақ жұрттың алдындағы әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі ерікті міндеттемелерді өзіне жүктейді.

Мүдделі тараптармен өзара әрекет еткен кезде «Даму» қоры корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің келесі негізгі принциптерін басшылыққа алады:

1. Ашықтық принципі. «Даму» қоры компания, оның кәсіпкерлікті қолдауға арналған бағдарламалары, өз қызметінің жетістіктері және нәтижелері жөніндегі ақпараттың барынша ашық және сенімді болуын қамтамасыз етуге ұмтылады. Сонымен қатар «Даму» қоры коммерциялық құпияны және заңның негізінде қорғалатын басқа да құпияны құрайтын мәліметтердің жария етілмеуін қадағалайды.

2. Серіктестік принципі. «Даму» қорының басшылары мен қызметкерлері өздері өзара қызметтесетін мүдделі тараптардың мүдделерін, үміттерін және күмәндарын зерттейді әрі бағалайды, сондай-ақ жаңа серіктестік қатынастар орнатуға және бұрыннан бар қатынастарды нығайтуға ұмтылады.

3. Бейімделушілік принципі. «Даму» қоры мүдделі тараптардың ниеттері мен сұратуларына, сондай-ақ нарықтағы жағдайдың өзгеруіне жедел әрекет етеді және өз қызметіне қажетті түзетулер енгізеді әрі кәсіпкерлікті қолдау құралдарын қолданады.

4. Кешенді тәсілдеме принципі. «Даму» қоры кәсіпкерлікке және мүдделі тараптарға барынша пайдасын тигізетін жобаларға бағдарланады, яғни олардың қызметінің экономика мен қоғамның дамуына қандай әсер тигізетінін ескереді.

5. Қызметкерлердің алдындағы жауапкершілік принципі. «Даму» қоры еңбек ақысының деңгейі бәсекеге қабілетті болатын жұмыс орындарын және әлеуметтік кепілдіктерді беруге, сондай-ақ еңбек етудің қауіпсіз және жайлы жағдайларын қамтамасыз етуге ұмтылады. Өз қызметінде «Даму» қоры әлеуметтік-еңбек қатынастары саласындағы нормалардың шартсыз сақталуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ қызметкерлердің кәсіби тұрғыдан жан-жақты дамуына және оқуына жәрдемдеседі.

Корпоративтік сайтта «Даму» қорының корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласында жүргізетін жұмысына жеке бір бет арналған. Онда бекітілген принциптер және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі жыл сайынғы есептер орналастырылған.

2.1. Әлеуметтік бағдарламалар және әлеуметтік сала нысандары бойынша көрсеткіштер

«Даму» қорының корпоративтік басқаруына жүргізілген диагностиканың нәтижелері бойынша жасалған, KPMG халықаралық компаниясы дайындаған корпоративтік басқару деңгейінің үздік әлемдік тәжірибеге сәйкестігі туралы есепте Қордың корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік аясында жүргізетін жұмысының бірқатар оң жақтары атап өтілді. Атап айтқанда, жағымды жақтарға төменде аталғандар жатады:

1. «Даму» қоры қызметінің негізгі көрсеткіштерінің әлеуметтік сипаты бар.

2. «Даму» қорының басшылығы қызметтің әлеуметтік сипаттағы негізгі көрсеткіштерін үнемі қадағалайды.

3. «Даму» қоры басшылығы жұмысының нәтижелерін бағалаған кезде Қор қызметінің әлеуметтік сипаттағы негізгі көрсеткіштері ескеріледі. Мысал ретінде «Бизнес-кеңесші» бағдарламасы бойынша қамтылған кәсіпкерлердің санын, шағын бизнес субъектілерінің қайта қаржыландырылған қарыздарының санын және т.б. айтуға болады.

4. «Даму» қорының әлеуметтік сипаттағы қызметі нақты құрылымдалған. Қорда Субсидиялау және кепілдендіру департаменті, Бағдарламалық қарыздар департаменті, Қаржылық емес бағдарламалар департаменті құрылды, олардың қызмет функцияларының ішінде әлеуметтік функция да бар.

5. «Даму» қорында Еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулық бекітілген.

6. «Даму» қорында қызметкерлерді басқару мәселелерін регламенттейтін бірқатар құжаттар, атап айтқанда Қызметкерлерді іріктеу жөніндегі ережелер, Аймақтық филиалдарда бос лауазымдар байқауын өткізу ережелері, Қызметкерлерді қабылдау, аудару және жұмыстан шығару тәртібі жөніндегі ережелер, Қызметкерлер еңбегінің ақысын төлеу ережелері, Қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету ережелері, Қызметкерлерді аттестациялауды жүргізу ережелері және т.б. бекітілген.

7. Аталған саясаттар олардың мақсаттарын, міндеттерін, принциптерін және негізгі талаптарын айқындайды.

8. «Даму» қоры іске асыратын негізгі жобалар мен бағдарламалардың әлеуметтік тұрғыдан пайдалы функциясы бар.

9. Әлеуметтік сипаттағы әр жобада немесе бағдарламада бекітілген мақсаттар, іске асыру мерзімі және бюджет бар.

10. Әлеуметтік сипаттағы әр жоба немесе бағдарлама қол жеткізілген мақсаттарға қол жеткізу және қызметтің негізгі көрсеткіштеріне тигізген әсері тұрғысынан бағаланады.

2009 жылдың маусым айында «Даму» қорының Директорлар кеңесі «Бизнес-кеңесші» атты тренинг-оқыту бағдарламасын бекітті. Бағдарламаны әзірлеген кезде «Даму» қоры төменде жазылғандарға көңіл бөлді:

- Қазақстанның барлық аймақтарының толықтай қамтылуы;
- оқу курсының практикаға бағдарлануы және қолжетімділігі;
- шығасылардың төмен болуы;
- тегін таратылатын материалдар және ақысыз оқу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 31.12.2010 жылғы № 1520 Қаулысына сай «Бизнес жол картасы 2020» бағдарламасы «Кәсіпкерлік әлеуетті күшейту» атты 4-ші бағытпен толықтырылды.

4-ші бағыттың аясында жаңадан бастап келе жатқан кәсіпкерлерге қолдау көрсету (сарт-ап жобалар), соның ішінде кәсіпкерлер мен халыққа кәсіпкерлік қызметтің негіздерін қысқа мерзімде оқыту («Бизнес-кеңесші» жобасы) арқылы қолдау көрсету көзделеді.

Мүмкіндіктері шектеулі кәсіпкерлер мен тұрғындарды қолдау мақсатында «Даму» қоры «Даму-Көмек» бағдарламасын әзірледі.

«Даму» қоры қаржыландыру бермейді, ол мүмкіндіктері шектеулі кәсіпкерлер мен ықтимал демеушілер мен несиегерлердің арасындағы байланыстырушы буын

болып табылады.

Ол үшін 2009 жылдың желтоқсан айында хабарландырулар тақтасы түріндегі www.damu-komek.kz арнайы сайты жасалды, бұл сайт байланыс деректерімен және басқа да ақпаратпен алмасуға арналған электрондық алаңша болып табылады. Осындай жобаларды іске асыру тәжірибесі көрсетіп отырғандай, әдетте көмек көрсетуге ниетті адамдардың саны көмекті қажет ететіндерден көбірек болады.

- ✓ «Даму-Көмек» бағдарламасы іске асырылған кезеңде 912 мүгедек кәсіпкерге демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетілді, 2013 жылы 292 кәсіпкерге көмек көрсетілді.

Бизнесті қолдау инфрақұрылымын нығайту үшін Қор Кәсіпкерлікті қолдау орталықтарын (бұдан әрі «КҚО» деп аталады) құру бағдарламасын әзірледі. КҚО міндеттері: шағын-орта бизнес субъектілеріне кеңес беру және ақпараттық-аналитикалық қолдау көрсету, бизнесмендердің біліктілігін арттыруға жәрдемдесу. Қазіргі уақытта 14 аймақтық және Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласында 1 аудандық КҚО ашылды.

Елбасы Н. Назарбаевтың тапсырмасының аясында Қор 2012 жылдан бастап Кәсіпкерлердің құзыреті орталықтарын ашу жұмысын бастады және 2013 жылы бұл жұмысты сәтті аяқтады. Облыстық орталықтарда және Алматы, Астана, Семей сияқты қалаларда 17 Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы ашылды. 27 моно қалада КҚО жұмыс істейді, 14 облыста аудандар деңгейінде Мобильді кәсіпкерлікті қолдау орталықтары ақпараттық-кеңес беру қызметтерін көрсетеді. 2013 жылы Кәсіпкерлердің құзыреті орталықтарына 28,7 мың адам келді, оларға 51,5 мыңнан астам кеңес беру қызметі көрсетілді.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстанның V әйелдер форумында берген тапсырмасы бойынша Қор 05.03.2009 ж. Әйелдер кәсіпкерлігін шағын несиелеу бағдарламасын әзірлеп, іске асырып келеді. Әйелдер кәсіпкерлігінің жұмыс істеп келе жатқан және енді бастап келе жатқан субъектілерінің жобаларын жеңілдікті шарттармен несиелеу арқылы кәсіпкер әйелдердің экономикалық белсенділігін ынталандыру бағдарламаның мақсаты болып табылады. Бағдарлама бойынша кәсіпкер әйелдердің әрекеттегі жобалары және старт-ап бизнес-жобалары жеңілдікті шарттармен несиелендіріледі. Бағдарламаның бизнес-серіктестері келесідей: «Еуразиялық банк» АҚ, «ЦентрКредит Банкі» АҚ, «Цеснабанк» АҚ, «Delta Bank» АҚ, «Темірбанк» АҚ және «AsiaCredit Bank» АҚ. 2013 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 941 қарыз алушы қаржыландырылды, қаржыландырудың жалпы сомасы 5 221,8 млрд. теңгені құрады, 328 жұмыс орны жасалды.

3-бөлім. Экономикалық нәтижелілік

3.1. Экономикалық саясат және экономикалық көрсеткіштер

«Даму» қорының негізгі бизнес-бағыттарына кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған қаржылық бағдарламаларды іске асыру, сол сияқты кәсіпкерлердің құзыретін арттыру бағдарламаларын іске асыру кіреді.

Тұрақтандыру бағдарламасының үш траншы («Даму-аймақтар» және «Даму-аймақтар 2» бағдарламасы, «Даму-Өндіріс» бағдарламасы) және «Бизнес жол картасы 2020» бағдарламасының алғашқы үш бағыты қаржылық бағдарламалардың ішіндегі ең ауқымдылары болып табылады.

Сондай-ақ қаржылық бағдарламаларға бірқатар тар бағытты бағдарлама,

соның ішінде әйелдер кәсіпкерлігін шағын несиелеу бағдарламасы, нақты бағыттағы бағдарламалар, лизингтік мәмілелерді қаржыландыру және т.б. кіреді.

«Бизнес-кеңесші» тренинг-оқыту бағдарламасы кәсіпкерлердің құзыретін арттыру бағдарламаларының ішіндегі ең ауқымдысы, бұл бағдарлама 2012 жылдан бастап «Бизнес жол картасы 2020» бағдарламасының «Кәсіпкерлік әлеуетті күшейту» атты 4-ші бағытына қосылған. Сондай-ақ бағдарламаның бұл бағытының аясында «Даму» қоры шағын және орта бизнес (бұдан әрі «ШОБ» деп аталады) топ-менеджментін оқыту бағдарламасын, «Іскерлік байланыстар» жобасын іске асыруда және әрекеттегі бизнесті жүргізуге сервистік қолдауға мониторинг жүргізуде.

Сонымен қатар кәсіпкерлердің құзыретін арттыру бағдарламаларының блогына аймақтарда кәсіпкерлікті қолдау орталықтарын құру, Қазақстанның ШОБ жөніндегі аналитикалық кітабын шығару, Қордың гео-ақпараттық жүйесі, Қордың Call-орталығын құру және ШОБ-ке арналған бизнес-порталды жасау кіреді.

Сондай-ақ «Даму-Көмек» әлеуметтік бағдарламасы іске асырылуда, оның аясында Қор мүмкіндіктері шектеулі кәсіпкерлерге қолдау көрсетеді.

Төменде Қордың аталған бағдарламаларын іске асыру нәтижелері жөніндегі ақпарат келтіріледі.

Жалпы 01.01.2014 жылдағы жағдай бойынша қаражатты шарттасылған түрде орналастыру бағдарламалары бойынша 12 375 қарыз алушы қаржыландырылды, қаржыландырудың жалпы сомасы 767,3 млрд. теңгені құрады. Бұл 30 246 жұмыс орнын жасауға және сақтап қалуға мүмкіндік берді.

2010 жылдан бастап Қор «Бизнес жол картасы 2020» бағдарламасын іске асыра отырып, бағдарламаның қаржылық агенті және операторы ролінде белсенді жұмыс істеп келеді.

Экономиканың шикізаттық емес секторларындағы аймақтық кәсіпкерліктің тұрақты және теңдестірілген түрде дамуын қамтамасыз ету бағдарламаның мақсаты болып табылады.

31.12.2013 жылдағы жағдай бойынша жалпы бағдарламаның аясында 3 275 пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау шарты және 259 несиелерді кепілдендіру шарты жасалды, соның ішінде:

- ✓ «Жаңа бизнес-бастамаларды қолдау» атты 1-ші бағыт бойынша 2 879 пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау шартына және 259 несиелерді кепілдендіру шартына қол қойылды.
- ✓ «Кәсіпкерлік секторды сауықтыру» атты 2-ші бағыт бойынша 193 субсидиялау шартына қол қойылды.
- ✓ «Кәсіпкерлердің валюталық тәуекелдерін азайту» атты 3-ші бағыт бойынша 203 субсидиялау шартына қол қойылды.

«Бизнес жол картасы 2020» бағдарламасының «Кәсіпкерлік әлеуетті күшейту» атты 4-ші бағыттың аясында келесі нәтижелерге қол жеткізілді:

- ✓ Жаңадан бастап келе жатқан кәсіпкерлерді қолдау жобасы бойынша 51 049 адам оқу курсынан өтті.
- ✓ 2013 жылдың қараша айында әрекеттегі кәсіпкерлерге арналған «Бизнес-кеңесші II» сынама жобасы іске қосылды. Жобаға қатысушылардың жалпы саны 1 327 ШОК субъектісін құрады.
- ✓ 2013 жылы USAID Макроэкономикалық жобасының қолдауымен Қор «ВТБ банкі (Қазақстан)» АҚ ЕҰ-мен бірлесе отырып елдің 5 аймағында (Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарында және Астана қаласында) жоғары оқу орындарының аясында «Жас кәсіпкер мектебі» (бұдан әрі «ЖКМ» деп аталады) жобасын іске асырды. ЖКМ

бағдарламасының аясында сертификаттар алған тыңдаушылардың жалпы саны 2013 жылы 632 адамды құрады. 10 «Идеялар жәрмеңкесі» өткізілді.

- ✓ Бизнесті сервистік қолдау жобасының аясында әрекеттегі кәсіпкерлерге 117 мыңнан астам сервистік қызмет көрсетілді.
- ✓ ШОБ топ-менеджментін оқыту жобасы бойынша 840 тыңдаушы курстан өтіп, сертификаттар алды.
- ✓ «Іскерлік байланыстар» жобасы бойынша 1 667 адам оқытылды, соның ішінде 106 адам Германиядағы және 107 адам АҚШ-тағы шетелдік машықтанудан өтті.

Бүгінгі таңда консалтингтік қолдау көрсету аясында 14 аймақтық КҚО және Жаңаөзен қаласында 1 аудандық КҚО құрылды. 2011 жылдың наурыз айынан бастап Call-орталық жұмыс істеп келеді, ол ай сайын 3 700-ден астам қоңырау шалған адамға қызмет көрсетеді. Сонымен қатар 2012 жылдың наурыз айында www.dkb2020.kz бизнес-порталы іске қосылды.

Ақпараттық қолдаудың аясында Геоақпараттық жүйенің сайтына (www.gis.damu.kz) ашық түрде қолжетімділік алуға болады, «Қазақстандағы және оның аймақтарындағы шағын және орта кәсіпкерліктің даму жағдайы жөніндегі есеп» кітабының 5 шығарылымы жарияланды.

2013 жылдың мамыр айында Қор VI Астаналық экономикалық форумның аясында «Қазақстандағы кәсіпкерлік: мәселелер және мүмкіндіктер» панельдік сессиясының жұмысын ұйымдастырды.

«Даму-Көмек» бағдарламасының аясында www.damu-komek.kz сайтына мүмкіндіктері шектеулі кәсіпкерлердің өтінімдері және демеушілердің өтінімдері келіп түседі. 2013 жылы 292 мүгедек кәсіпкерге демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетілді.

Өндірістік стратегиялық көрсеткіштер «Даму» қорының кәсіпкерлікті қаржылық және қаржылық емес тұрғыдан қолдау жөніндегі бағдарламаларының іске асырылу нәтижелерін көрсетеді.

№	Қызметтің шешуші көрсеткішінің атауы	Өлшем бірлігі	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.		
			Іс жүзінде	Іс жүзінде	Жоспар	Іс жүзінде	Орындалу %-ы
Даму әлеуеті бар барлық шағын-орта бизнес субъектілеріне қаржыландырудың қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы белсенді жеке кәсіпкерлік субъектілері санының және жұмыс орындары санының көбеюіне жәрдемдесу							
1	Қолдау көрсетілген шағын-орта бизнес субъектілерінің саны	Бірлік	30 718	34 116	23 600	39 408	167%
2	Жасалған жұмыс орындарының саны	Адам	3 616	3 443	11 800	14 901	126%
3	Қаржылық қолдау көлемі	млн. теңге	184 106	331 079	241 470	295 418	122%
4	Әрекеттегі ШОК субъектілерінің қолдаумен қамтылу үлесі	%	1,0%	1,7%	1,2%	4,5%	375%
5	Кезең ішінде шарттасылған түрде орналастыру	Бірлік	1 838	2 022	1 480	2 159	146%

	бағдарламаларының аясында қаржыландырылған ШОБ жобаларының саны						
6	Қор бағдарламаларының есебінен кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған қаражаттың жалпы сомасы	млн. теңге	662 213	792 045	909 084	923 165	102%
7	Кезең ішінде шарттасылған түрде қаражат орналастыру бағдарламаларының аясында жеке кәсіпкерлік секторын қаржыландырудың жалпы сомасы	млн. теңге	82 373	78 911	91 470	104 766	115%
8	Қор шағын несиелеуге берген қаражаттың жалпы сомасы	млн. теңге	4 853	5 917	8 221	9 543	116%
9	«Бизнес жол картасы 2020» қаржылық құралдары қамтыған несиелік портфельдің жалпы сомасы	млн. теңге	101 733	249 291	150 000	190 652	127%
Экономиканың шикізаттық емес секторларындағы кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу							
1	Жеке кәсіпкерлік секторын диверсификациялаудың аясында жобаларды қаржыландыру көлемінің өсімі	%	61%	23,3%	6,3%	10%	159%
2	Субсидиялауды алатын ШОБ жобаларының саны	Бірлік	801	1 373	1 500	1 455	97%
3	Кезең ішінде Қордың кепілдік-кепілгерлігімен банктер қаржыландырған ШОБ жобаларының саны	Бірлік	27	87	80	148	185%
4	Кезең ішінде Қордың қаржылық бағдарламаларының аясында қаржыландырылған өнеркәсіптік жобалардың үлесі	%	19%	20,7%	20%	28,8%	144%
5	Үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаның аясында басым салаларда іске асырылатын жобаларды қаржыландыруға бағытталған қаражаттың үлесі	%	48%	38,9%	43%	52%	121%
6	Ішкі өндірісті кеңейтуге және жетілдіруге бағытталған	%	26%	26,2%	27%	28,2%	104%

	қаражаттың үлесі						
ШОБ субъектілерінің кәсіби деңгейін арттыру және халықты кәсіпкерлікке тарту							
1	Кезең ішінде ШОБ-ті қаржылық емес тұрғыдан қолдау жөніндегі Қор бағдарламаларында қамтылған кәсіпкерлердің және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындардың саны	Бірлік	28 052	30 556	21 000	50 939	243%
2	Қордың оқыту және кеңес беру жөніндегі бағдарламаларына қатысушылардың жалпы санындағы әрекеттегі кәсіпкерлердің үлесі	%	51%	59,9%	35%	70%	200%

Жалпы 2013 жылдың қорытындылары бойынша қызмет нәтижелілігінің барлық стратегиялық өндірістік негізгі көрсеткіштері бойынша жоспардың орындалғаны байлақып отыр.

3.2. Қазақстандық құрам көрсеткіштері

2013 жылы тауарлар мен қызметтерді сатып алу көлемі 4 872 млн. теңгені құрады. Соның ішінде: тауарлар – 2 236 млн. теңге, қызметтер – 2 393 млн. теңге, жұмыстар – 243 млн. теңге. 1 200 млн. теңге республикалық бюджеттің есебінен кәсіпкерлікке сервистік қолдау көрсетуге жұмсалады деп жоспарланды. Алайда бұл қаражат жергілікті атқарушы органдардың жоғарыда аталған қызметтерді сатып алуы үшін аймақтардың арасында бөлістірілді.

2013 жылы жасалған шарттардың сомасы 3 114 млн. теңгені құрады. Соның ішінде: тауарлар бойынша – 1 563 млн. теңге, қызметтер бойынша – 1 323 млн. теңге, жұмыстар бойынша – 228 млн. теңге.

Жалпы 2013 жылы сатып алулардағы қазақстандық құрамның көрсеткіші 88%-ды құрады, соның ішінде: тауарлар бойынша – 78 %, қызметтер бойынша – 99%, жұмыстар бойынша – 82%.

4-бөлім. Экологиялық нәтижелілік

4.1. Экологиялық нәтижелілік және экологиялық менеджмент жүйесін дамыту көрсеткіштері

«Даму» қоры өндірістік кәсіпорын болып табылмайды, осыған байланысты қызметінің барысында Қор қоршаған ортаға зиян келтірмейді.

4.2. Энергия үнемдеу көрсеткіштері

Қаражатты үнемдеу және электр энергиясын үнемдеу үшін Қордың ғимаратында ЛБ-18 және ЛД-18 энергия үнемдейтін шамдары және тәулік уақытына байланысты тарификациясы әр түрлі келетін есептеуіштер орнатылған. Қазіргі уақытта даланы жарықтандыруға арналған қызу шамдарын энергия үнемдейтін шамдарға ауыстыруға бағытталған жұмыстар жүргізілуде.

5-бөлім. Қызметкерлермен өзара әрекет ету

5.1 Кадрларды дамыту және қызметкерлермен өзара әрекет ету көрсеткіштері

«Даму» қорында адам ресурстарын басқару саясаты келесі стратегиялық бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- адам ресурстарын басқарудың бірыңғай моделін қалыптастыру;
- еңбек нәтижелілігін арттыру;
- адам капиталының сапасын арттыру;
- корпоративтік мәдениетті дамыту.

Төменде аталғандар «Даму» қорының Кадрлық саясатын нәтижелі түрде іске асырудың негізгі көрсеткіштері болып табылады:

- кадрлық резервтің құрамынан басқару және басшылық ету деңгейлеріндегі лауазымдарға тағайындау көлемі кем дегенде 70% болуға тиіс;
- байқау бойынша қабылданған әкімшілік қызметкерлердің үлесі кем дегенде 100%-ды құрауға тиіс;
- қызмет нәтижелілігінің жеке негізгі көрсеткіштерінің басшылық етуші қызметкерлерді қамтуы – 100%;
- компанияның басқару құрылымын оңтайландыруға байланысты іс-шараларды қоспағанда, кадрлардың тұрақтамауының деңгейі көп дегенде 14% болуға тиіс;
- бір жыл ішінде оқытудан өткен қызметкерлердің қамтылу деңгейі – 80%.

5.2. Еңбек саласындағы әлеуметтік серіктестік. Ұжымдық-шарттық қатынастар және кәсіподақтармен өзара әрекет ету

2010 жылдың сәуір айында «Даму» қорының қызметкерлері ұжымдық шартқа қол қойды. Ұжымдық шарттың болуы «Даму» қорының тұрақты дамып келе жатқанын, өз қызметкерлерінің қамын ойлайтынын, еңбек ұжымының белсенділігін, ұйымшылдығын және жоғары білімділігін көрсетеді, осының барлығы жоғары білікті кадрларды тартуға мүмкіндік береді.

5.3. Сыйақы және ынталандыру

Сыйақы төлеудің және ынталандырудың ашық жүйесін ендіру мақсатында, сондай-ақ еңбек нәтижелілігін арттыру үшін 2011 жылдан бастап қызметтің негізгі көрсеткіштерінің негізінде «Даму» қорының қызметкерлерін бағалау жүйесін ендіруге бағытталған жұмыс жүргізілуде. Механизм ұйымның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу дәрежесін үнемі қадағалап отыруға, сондай-ақ қызметкерлердің нәтиже үшін жеке жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік береді.

2013 жылдан бастап Қорда әкімшілік қызметкерлердің қызметін мақсаттар бойынша бағалаудың жетілдірілген жүйесі қолданылып келеді. Жаңа бағалау жүйесінің артықшылықтары:

✓ Әр аймақтық филиал және құрылымдық бөлімше үшін мақсаттар картасы жасалады.

✓ Қызметкерге төленетін сыйлықақы коэффициенті мақсаттар картасын орындау нәтижесіне тікелей байланысты.

✓ Жаңа жүйе сыйлықақы қорын ұлғайтпай нәтижелі қызметкерлерді ынталандыруға және ұстап қалуға мүмкіндік береді.

5.4. Қызметкерлерді іріктеу, дамыту, оқыту және кәсіби тұрғыдан даярлау

Адам ресурстарын басқарудың бірыңғай моделін қалыптастыру, атап айтқанда үш деңгейлі тағайындаулар жүйесін қалыптастыру аясында атқарушылық деңгейдегі қызметкерлер «Даму» қорына ашық байқау рәсімдерін өткізу арқылы қабылданады. Басқару буынының қызметкерлері (құрылымдық бөлімшелердің, аймақтық филиалдардың директорлары) кадрлық резервтегі атқарушылық деңгейдегі қызметкерлердің лауазымын жоғарылату арқылы немесе қажет болған жағдайда сырттан жоғары білікті мамандарды іздестіру арқылы тағайындалады. Қызметкерлерді тартудың осындай жүйесі басқарудың барынша нәтижелі принциптерінің сабақтастығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, стратегиялық мақсаттардың бірыңғайлығын, корпоративтік мәдениеттің бүтіндігін сақтайды.

Қызметкерлердің құрамын сапалы түрде күшейту үшін қаржылық талдау, менеджмент тақырыптары бойынша үнемі семинарлар ұйымдастырылады және жүргізіледі. Фронт-кеңсе қызметкерлері халықаралық кездесулер мен конференцияларға қатысады, бұл жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау мәселелеріндегі халықаралық тәжірибелерді зерттеуге және оларды «Даму» қорының жұмысына енгізуге мүмкіндік береді.

2013 жылы 220 адам оқытудан өтті, бұл қызметкерлердің жалпы санының 77%-ын құрайды.

Жетекші қазақстандық жоғары оқу орындарының 25-тен астам студенті практикаға және машықтануға қабылданды.

5.5. Тұрғын үй саясатын іске асыру

«Даму» қорының қызметкерлеріне тұрғын үй мәселелерін шешуге көмек көрсетілуі мүмкін. Мысалға, шақырылған қызметкерлер үшін тұрғын үй жалдау ақысын төлеуге жұмысалатын шығыстарды ішінара өтеу мүмкіндігі көзделген. 2013 жылы қызметкерлерге Қордың теңгеріміндегі жылжымайтын мүлікті беру механизмі әзірленді.

5.6. Мәдениет және спорт

Корпоративтік мәдениеттің ұйымның нәтижелілігін арттырудағы маңызы зор. 2013 жылы қала сыртында тим-билдинг ұйымдастырылды, онда «Даму» қорының аймақтық филиалдары мен бас кеңсесінің қызметкерлері үшін оқыту тренингтері өткізілді. Алға қойылған мақсаттарға кәсіби түрде қарау, ұжымдағы ізгі ниеттілік қызметкерлерді қосымша ынталандырады, қызметкерлердің ұйымның қызметімен өзін-өзі сәйкестендіруін арттырады, стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге жағымды ұйымдық жағдай жасайды.

Сондай-ақ 2013 жылы «Даму» қорының қызметкерлеріне фитнес-орталыққа баруға арналған абонементтерді сатып алуға байланысты шығыстар ішінара өтелді.

5.7. Денсаулық сақтау

«Даму» қорының қызметкерлері «Даму» қорының бюджетінде көзделген қаражаттың есебінен жыл сайынғы медициналық сақтандырумен қамтамасыз етіледі.

6-бөлім. Қоғаммен өзара әрекет ету

6.1. Аймақтарға және жергілікті қауымдастыққа (Қор қызмет ететін аймақтарға) бағытталған инвестициялар бойынша көрсеткіштер

Елдегі шағын және орта бизнес секторын аймақтық дамытудағы диспропорцияларды азайту мақсатында «Даму» қоры аймақтардың қамтылуы деңгейін ұлғайтуға, аймақтық кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыруға бағытталған бірқатар бағдарламаларды іске асыруда, атап айтқанда: «Даму-аймақтар» бағдарламасы, «Даму-аймақтар 2» бағдарламасы, «Даму-аймақтар 3» бағдарламасы, ШОК жобаларын аймақтық қаржыландыру бағдарламасы, Шағын қалаларда ШОК жобаларын қаржыландыру бағдарламасы және т.б.

6.2. Қайырымдылық және демеушілік көмек көрсеткіштері

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның (бұдан әрі «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ» деп аталады) және ұлттық даму институттарының, ұлттық компаниялардың және дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) елуден астам пайызы «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-на тікелей немесе жанама түрде тиесілі басқа да заңды тұлғалардың демеушілік және/немесе қайырымдылық көмек көрсету саясатына сай жылдық бюджетте/Даму жоспарында қажетті қаражаттың болуы демеушілік көмек көрсету принциптерінің бірі болып табылады. Соңғы үш жылда «Даму» қорының бюджетінде демеушілік және/немесе қайырымдылық көмек көрсетуге жұмсалатын шығыстардың жоспарланбағанын ескеретін болсақ, «Даму» қоры демеушілік және/немесе қайырымдылық көмек көрсеткен жоқ. Бұл кезде «Даму» қоры ауру ересектер мен балаларға, сондай-ақ ҰОС ардагерлеріне жеке тәртіппен материалдық көмек көрсетеді.

6.3. Салықтық төлемдер

2013 жылы «Даму» қоры келесі салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төледі:

№	Салықтың түрі	Сома, мың теңге
1	Корпоративтік табыс салығы	1 024 530,0
2	Әлеуметтік салық	133 213,5
3	Әлеуметтік аударымдар	33 332,4
4	Жеке табыс салығы	149 437,3
5	Көлік құралдарына салынатын салық	471,1
6	Жер салығы	176,4
7	Мүлікке салынатын салық	13 360,0
8	Міндетті зейнетақы аударымдары	157 424,8
9	Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төленетін ақы	161,3
10	Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру үшін төленетін ақы	836,8
11	Аукционнан жиналған алым	780,7

6.4. Ақпараттық саясат

Ақпараттық саясат (бұдан әрі «Саясат» деп аталады) дегеніміз корпоративтік

ақпаратты тарату үрдісін ғана емес, Қордың мақсатты аудиториялардағы бейнесін қабылдау үрдісін басқаруға мүмкіндік беретін ақпаратты жария еткен кезде «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның (бұдан әрі «Қор» деп аталады) іс-әрекеттер, іс-шаралар және регламенттер кешені.

Мүдделі тұлғаларға Қор жөніндегі, оның ағымдағы қызметі, жағдайы және даму перспективалары жөніндегі шынайы ақпаратты Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қор Жарғысының, Қордың ақпаратын жария ету жөніндегі ережелердің талаптарына сәйкес және корпоративтік басқарудағы үздік әлемдік тәжірибеге сай барынша толық және уақтылы беру Саясаттың мақсаты болып табылады.

Саясаттың мақсатына қол жеткізу аясында төменде аталғандар негізгі міндеттер болып табылады:

1. Қор жөніндегі шынайы ақпаратты уақтылы жария ету.

2. Қордың ақпараттық ашықтығын арттырудың есебінен Қордың инвестициялық тартымдылығының өсуіне септігін тигізетін қосымша ақпаратты жария ету.

3. Активтер құнының ұлғаюына, оның қызметінің қаржылық және басқа да көрсеткіштерінің артуына септігін тигізетін Қордың жағымды бейнесін қалыптастыру.

Саясаттың принциптері

Төменде аталғандар Саясаттың негізгі принциптері болып табылады:

1) ақпаратты жария етудің тұрақтылығы және уақтылығы. Қолданыстағы заңнамаға және ішкі құжаттарға сай ақпарат беру мерзімдерін және жүйелілігін сақтауға қатысты Қордың жауапкершілігін білдіреді;

2) ақпараттың ашықтығы және қолжетімділігі. Қордың мүдделі тараптар аз шығындар жұмсап еркін, ауыртпалықсыз қолжетімділік ала алатын ақпаратты тарату арналарын таңдауын білдіреді. Қызметтік, коммерциялық және заңның негізінде қорғалатын басқа да құпия болып табылатын ақпаратқа қатысты құпиялылық режимін сақтауды ескере отырып, Қордың өз қызметі жөніндегі ақпараттың барынша ашықтығын қамтамасыз ету ниетін іске асырады;

3) ақпарат мазмұнының шынайылығы және толықтығы. Қордың Жалғыз акционерге және басқа да мүдделі тараптарға шындыққа сәйкес келетін және сипатталатын фактіні немесе оқиғаны толық көлемде түсінуге жеткілікті болатын ақпаратты берудегі жауапкершілігін білдіреді;

4) ақпаратты жария ету жеделдігі. Ерекше маңызды фактілер мен оқиғаларды сипаттайтын және Жалғыз акционердің және басқа да тараптардың мүдделеріне қатысты болатын (соның ішінде олардың тиісті шешімдерді қабылдауы қажет болған кезде) барынша маңызды ақпаратты барынша қысқа мерзімде берудегі Қордың жауапкершілігін білдіреді.

Саясатты іске асыру механизмі

Қор Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарында төменде аталғандарды жариялауға міндетті:

- жылдық қаржылық есептілік;

- қайта құру жөніндегі ақпарат;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасының заңнамасына және Жалғыз акционердің шешімдеріне сәйкес басқа да ақпарат.

Көпшілік компания болып табылмайтын Қор корпоративтік веб-сайтта келесі көпшілікке қолжетімді ақпаратты жария етуге құқылы, бірақ міндетті емес:

- ✓ Қордың Жарғысы, оған енгізілетін өзгерістер және толықтырулар;

- ✓ Корпоративтік басқару кодексі;
- ✓ Директорлар кеңесі туралы ережелер;
- ✓ аффилиирленген тұлғалардың тізімі;
- ✓ Қордың жылдық есебі;
- ✓ жылдық қаржылық есептілік;
- ✓ ірі мәміленің жасалғаны туралы хабар;
- ✓ несиелік тарихы және Қорға берілген несиелік рейтингтер;
- ✓ Қор қызметінің түрлері жөніндегі таныстырылымдар (мәтін, слайдтар);
- ✓ Қордың лауазымдық тұлғаларының көпшілік алдында сөйлеген сөздерінің мәтіндері, бар болған жағдайда бейне және дыбыстық жазбалары;
- ✓ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларда бағалы қағаздар шығарылымының проспектісі, оған енгізілетін өзгерістер және толықтырулар;
- ✓ еншілес ұйымдар жөніндегі ақпарат;
- ✓ Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе Қордың уәкілетті органының шешімдеріне сай басқа да мәліметтер.

Қор Басқармасы Төрағасының шешімі бойынша Қор корпоративтік веб-сайтта келесі қосымша ақпаратты орналастыра алады:

- Қордың коммерциялық құпиясы болып табылмайтын мәліметтерге жатқызылмаған Қор қызметінің көрсеткіштері;

- жаңалықтар;

- баспасөз релиздері;

- байланыс ақпараты;

- Қордың ішкі құжаттарының ережелеріне сәйкес басқа да ақпарат.

Қор Жалғыз акционердің назарына Жалғыз акционердің мүдделеріне қатысты болатын өзінің қызметі жөніндегі ақпаратты жеткізуге міндетті.

Ішкі ақпаратты қорғау

Қор Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қордың ішкі құжаттарына сәйкес құпия ақпаратты қорғауға бағытталған шараларды қолданады.

Құпия ақпаратты, қызметтік, коммерциялық және заңның негізінде қорғалатын басқа да құпияны қорғау, іскерлік ақпараттың жария етілуінен немесе заңсыз берілуінен келтірілген ықтимал залалды болдырмау, кез келген мүдделі тұлғалардың осы ақпаратты заңсыз пайдалануы фактілерін болдырмау мақсатында Қордың Басқармасы құпиялылық режимінің сақталуын қамтамасыз етеді.

Қордың Басқармасы жария етілетін ақпаратты дайындаудың, келісудің және мазмұны мен мерзімдерін қадағалаудың сенімді механизмін, Қордың құжаттарын сақтаудың тиісті жүйесін, ақпараттық ресурстардың функционалдығы мен сақталуын қамтамасыз етеді.

Қор Қордың ішіндегі, сол сияқты одан тыс мекемелердегі тиісті қызметкерлерге Қордың Қор жөніндегі ақпаратты жария етуі қабілетіне қатысты қадағалау құралдарын енгізуі туралы хабарлайды және Қордың Директорлар кеңесі мүшелерінің және тиісті қызметкерлерінің ақпаратты жария ету саясатын қолдануға жеткілікті түрде дайындалуын қамтамасыз етеді.

Өздерінің қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты Қоғаммен және Жалғыз акционермен байланысуды жүзеге асыруға уәкілетті Қордың қызметкерлері барлық мүдделі тұлғаларға жария етілетін Қордың қызметі жөніндегі маңызды ақпаратқа бір уақытта қолжетімділік алуына деген бірдей мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге тиіс, сондай-ақ жалған ақпарат туындаған

жағдайда және оның таратылуы Қорға және Жалғыз акционерге залал келтіруге әкеліп соқтырған жағдайда, осындай жалған ақпаратты жоққа шығаруға бағытталған шараларды қолдануға тиіс.

Қордың қызметкерлері ішкі (қызметтік) құпия ақпаратты жария етпеуге міндетті.

Мүдделі тұлғаларға көпшілікке қолжетімді ақпаратқа жатқызылмаған ақпаратты жария ету

Қор мүдделі тұлғаларға Қордың ішкі құжаттарына сәйкес құпия ақпаратқа, қызметтік, коммерциялық және заңның негізінде қорғалатын басқа да құпияға жатқызылмаған ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпке сай және мерзімдерде береді.

Ақпаратты жария ету үшін жауапкершілік

Қордың ақпаратын жария еткен кезде Қазақстан Республикасы заңнамасы, сондай-ақ Қордың ішкі нормативтік құжаттары талаптарының бұзылуына жол берілген жағдайда және бұл Қорға және (немесе) оның Жалғыз акционеріне залал келтіруге әкеліп соқтырған жағдайда, осындай бұзушылықты жасаған кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

6.5. Мемлекеттік органдармен, қоғамдық бірлестіктермен, үкіметтік емес ұйымдармен, шетелдік ұйымдармен және басқа да тараптармен әлеуметтік серіктестік саласында өзара әрекет ету көрсеткіштері

Мемлекеттік органдармен, қоғамдық бірлестіктермен, үкіметтік емес ұйымдармен, шетелдік ұйымдармен және басқа да тараптармен өзара әрекет ету аясында «Даму» қоры келесі жұмыстарды жүргізеді:

- ✓ мемлекеттік ұйымдар құратын түрлі жұмыс топтарына қатысады;
- ✓ кері байланыс механизмін және билік органдарымен өзара қарым-қатынастарында Қордың мүдделеріне өкілдік ету механизмін қалыптастырады;
- ✓ ҚР Үкіметі қаулыларының жобаларын әзірлеуге қатысады;
- ✓ әлеуметтік тұрғыдан маңызды акциялар мен іс-шараларды бірлесе отырып өткізеді;
- ✓ алуан түрлі мәселелер бойынша билікпен, қоғаммен және бизнеспен талқылаулар және диалогтың басқа да түрлерін, сондай-ақ пікір алмасуды жүргізеді;
- ✓ әлеуметтік тұрғыдан жауапты бизнесті қайырымдылық қызметпен, жебеушілікпен айналысуға итермелейтін бағдарламаларды іске асырады және басқа да жұмыстарды жүргізеді.

«Даму» қоры Басқармасының жанында кеңес беру-кеңесу органы болып табылатын Қазақстан Республикасындағы ШОБ субъектілерін қолдауды белсендендіру мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңес құрылды.

Кеңестің құрамына қоғамдық бірлестіктер мен кәсіпкерлердің іскерлік қауымдастықтарының (одақтарының), соның ішінде «Атамекен» одағы» ҚҰЭП-ның, Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының, Қазақстан кәсіпкерлері форумының, «КАЗКА» қазақстандық кәсіпкерлер қауымдастығының және т.б. ұйымдардың өкілдері кіреді.

ШОБ-ті дамыту жөніндегі ұсынымдарды зерттеу, талқылау және қалыптастыру, бизнес-құрылымдар өкілдерінің, билік органдарының және үкіметтік емес ұйымдардың арасындағы диалогқа жағдай жасау қоғамдық кеңестің негізгі міндеттері болып табылады.

Қоғамдық кеңестің жұмысы – ШОБ-ті қолдаудың қаржылық, сол сияқты қаржылық емес бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру барысында «Даму» қоры жұмысының ашықтығын арттырудың маңызды құралы.

Жыл сайын Қоғамдық кеңестің кем дегенде екі отырысы өткізіледі.

6.6. Жеткізушілермен және қосалқы мердігерлермен өзара әрекет ету

Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алған кезде «Даму» қоры ұлттық басқарушы холдинг, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға тиесілі ұйымдар жүзеге асыратын тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу ережелерін, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ акционерлік қоғамының және дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығында тікелей немесе жанама түрде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ акционерлік қоғамына тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру ережелерін басшылыққа алады, олар «Даму» қоры АҚ Басқармасының 2013 жылғы 13 желтоқсандағы шешімінің (№ 088/2013 хаттама) негізінде бекітілген «Даму» қоры» АҚ-ның тауарларды, жұмыстарды немесе қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

Сөйтіп жеткізушілермен өзара әрекет ету ашық тендер, баға ұсыныстарын сұрату тәсілдерімен немесе бір көзден жеткізу тәсілімен жүргізілген сатып алу нәтижелері бойынша жасалатын шарттық қатынастардың негізінде жүзеге асырылады.

1-қосымша

